

**«8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Атем Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Атем Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қазіргі таңдағы еліміздің өзекті мәселесін зерттеуге арналған. Бүгінгі қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтар әлі де болса білім беру саласындағы көкейкесті мәселелердің бар екендігін және зерттеліп отырған тақырыптың әлеуметтік және саяси маңыздылығын аңғартады. Білім беру сапасын арттыру өз кезегінде ел мен қоғамның дамуының алғышарты болмақ. Диссертация тақырыбы бүгінгі күні елімізде қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық құжаттардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысына сәйкес 2021-2025 жылдар аралығында білім беру саласындағы нақты және маңызды міндеттерді шешуге бағытталған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты» және т.б. мемлекеттік деңгейде жоғары мәні бар бағдарламаларды басшылыққа алуымен сипатталады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы және ұсынған тұжырымдамалары еліміздің орта білім беру сапасын арттыруға өз үлесін қосады деп сенемін. Себебі, зерттеу жұмысында автор орта білім беру сапасын арттыру мәселесін шешу мақсатында шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасаған. Сапа теориясын зерттеген. Орта білім беру жүйесінің күрделі жүйе екендігін ғылыми тұрғыда айқындай отырып, оның сапа құраушыларын теориялық тұрғыда жіктеген. Әлемдік деңгейде білім беру сапасын анықтайтын халықаралық зерттеулерге анализ жасап, еліміздің орта білім беру сапасының нақты жағдайына және жүлдегер елдердің озық тәжірибелеріне негізделе отырып, орта</p>

			<p>білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырлары мен механизмдерін айқындаған. Орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтердің маңызды рөлін ғылыми тұрғыда сипаттап, тәжірибелік тұрғыда дәлелдей білген.</p> <p>Осы орайда Атем Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы педагогика ғылымы үшін тың тақырып. Себебі, орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді жүйелі ұйымдастыру туралы ғылыми зерттеу жұмыстары өте аз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмысты өзі жазу қағидаты жоғары. Ізденуші зерттеу барысында өз көзқарасы мен пікірін білдіре отырып, зерттеу әдістерін ұтымды пайдалана алған. Зерттеу жұмысы дербес орындалған және өзекті тақырыпты қозғаған. Ізденушінің бұл жұмысы отандық педагогика ғылымына және еліміздің орта білім беру сапасын арттыру ісіне елеулі үлес қосады деп бағалауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың авторы зерттеу өзектілігін толықтай және дәйекті ашып көрсеткен. Педагогика саласында орта білім беру сапасын арттыруға қатысты бірқатар көлемді әрі мазмұнды зерттеу жұмыстары бар, дегенмен де орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыру тақырыбы елімізде жаңадан зерттелініп отыр. Сондықтан аталған диссертация жұмысы қазіргі уақытта өзекті зерттеу тақырыбы болып табылады және білім сапасын арттыруға қатысты жазылған қазақстандық ғылыми еңбектердің қатарын толықтыра түседі деп ойлаймын.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Бір-бірімен логикалық бірізділікте қойылған негізгі үш тарау және оның бөлімдері зерттеу жұмысын жеткілікті дәрежеде аша түседі. Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарына және әдебиеттерге талдау жасалып, орта білім беру сапасын арттырудың теориялық негіздері айқындалған. Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылып, ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктері анықталған. Орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасы мен моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізілген, қорытындысы шығарылып, әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу барысында докторант алдына қойған мақсаты мен міндеттерді толық орындаған.</p>

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Рецензиялауға ұсынылып отырған «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық өзара байланысқан. Ішкі бірлікке ие. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері зерттеу тақырыбының мазмұнын жан-жақты ашып талдауға және жұмыстың біртұтастығына негіз бола алады. Әрбір бөлім қорытындылары қысқаша тұжырымдалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қарастырылып отырған мәселе бойынша автор ұсынған жаңа шешімдер сыни талдау негізінде салыстыра отырып бағаланады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Ізденушінің зерттеу жұмысының нәтижесінде педагогика ғылымының сапа теориясы «білім беру сапасы», «орта білім беру сапасы» ұғымдарына берілген жаңа анықтамалармен толықтырылған; отандық орта білім беру жүйесі шетелдік тәжірибені салыстырмалы зерттеу арқылы алынған сапа құраушыларымен кеңейтілген; орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін факторлар жүйеленген; орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылып, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертация қорытындысы зерттеу жұмысы бойынша қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі бойынша бірнеше ұсыныстар жасалған. Диссертанттың жұмысы ғылыми негізделген зерттеу ретінде ғылыми жаңашылдық принципіне сай келеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Автордың ұсынған орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа және негізделген. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, авторлық куәлік, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен және ғылыми жарияланымдармен расталған.

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда ұсынған барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда көлемді шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамаларына және эксперименттік-тәжірибелік зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында 5 қағида ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәйектелген. Яғни:</p> <p>7.1 Әр қағида нақты дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей: ғылыми нәтиже – жаңа. «Білім беру сапасы» және «Орта білім беру сапасы» ұғымына ғылыми шолу жасалынып, өзіндік анықтама берілген; мектептегі орта білім беру сапасын арттыруда сандық нәтижелерді жіктеуде білім беру сапасының рейтингін анықтайтын халықаралық зерттеулерге салыстырмалы талдаулар жасалған; білім беру сапасын арттыруда сапа құраушылары анықталып, оның ішінде үш құраушысының: педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы; басқару сапасы; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыру арқылы жалпы орта білім беру сапасын арттыруға бағытталған эксперименттік-тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылған; орта білім беру сапасын арттыру жүйесі құрылымдық-үдерістік моделі арқылы жүзеге асқан; орта білім беру сапасын арттыру мақсатында жасалған эксперимент бағдарламасы құрастырылған. Эксперимент бағдарламасы орта білім беру сапасын арттыруға ішкі резервтер арқылы қол жеткізуді көздейді.</p> <p>7.4 Зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кең. Теориялық және практикалық тұрғыда гуманитарлық ізденістерде сүйенуге болады.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары 10 ғылыми еңбекте жарияланған: Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 4 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 3 мақала, 2 оқу-әдістемелік құралында жарияланған.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияда автор бірнеше әдістемені таңдап, оны қолданудың нақты негіздемесін жасады. Теориялық талдау барысында салыстырмалы зерттеу әдістерін, эксперимент барысында экспериментке қатысушы педагог кадрлардың экспериментке дайындығын анықтаушы сауалнама әдісін, экспериментке қатысушылардың эксперимент туралы жазған мақалар жинағына контент-анализ әдісін, оқушылардың білім сапасын зерттеуде математикалық статистикалық әдістерді қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері: деректерді өңдеу және талдау әдістерін қолдану арқылы алынған. Тәжірибе нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан маңызды деректер қорын құрай алады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу базасы: 2018-2019 оқу жылында Түркістан облысының Төлеби, Ордабасы аудандарында орналасқан 18 мектеп, 1554 оқушы, 138 мұғалім; 2019-2020 оқу жылында Төлеби, Ордабасы, Сайрам және Отырар аудандарында орналасқан 43 мектеп, 3171 оқушы, 385 мұғалім. Екі оқу жылын қамтыған эксперименттік жұмыс барысында теориялық педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері, математикалық статистикалық әдістер және эксперименталды педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері қолданылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Ізденуші диссертациялық жұмыста қолданылған маңызды мәліметтердің шынайылығын сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы растаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Тақырыпқа сәйкес әдебиеттер тізімі нақты әрі жеткілікті қолданылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысы арқылы Қазақстан мен әлемдегі орта білім беру сапасы жоғары жұлдегер елдердің орта білім беру үдерісін ұйымдастыру тәжірибесімен танысуға болады. Сонымен қатар, орта білім беру сапасын арттыруда педагог кадрлардың сапасы, басқару сапасы және тәрбие сапасының тұтас жүйенің сапасына әсері ғылыми негізделіп, «Орта білім беру сапасын арттырудағы үштік (триада)» атты оқу-әдістемелік құрал ретінде жарық көрген.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді орта білім беру үдерісін ұйымдастыруда, педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын арттыруда, білім берудегі басқару жүйесінің сапасын арттыруда және тәрбие сапасын арттыруда пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды қазіргі таңда орта білім беру сапасын арттыру мәселесін шешуде қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижесін және эксперимент жұмысын республикалық деңгейде жалпы орта мектептерге таратуды ұсынар едім.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>орташадан төмен</u>;</p> <p>4) <u>төмен</u>.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде әрі ғылыми стильде жазылып, рәсімделген. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.</p>

Диссертациялық зерттеудің оң жақтарын айта отырып, келесідей жекелеген кем тұстары мен ескертулерді атап өтер едім:

1. Диссертация мәтінінде білім сапасы мен орта білім сапасы деген ұғымдардың қайталануы мен орындарының ауыстырылуы кездеседі.

2. Зерттеу жұмысының тәжірибелік базасы ретінде Түркістан облысының таңдалуы және негізделуі түсініксіздеу.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер ұсыныстық сипатқа ие және олар зерттеу жұмысының жоғары ғылыми деңгейін төмендетпейді. Сол себепті, М.Н. Атемнің «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациясын ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы бар зерттеу деп бағалаймын және жұмыстың рәсімделуі ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Атем Маржан Нурланқызы «8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Психология кафедрасының доценті, PhD



*Handwritten signature of Marat Ospanov*

М.М. Книсарина



*Handwritten signature of the inspector*